



ТМД СӘУЛЕТ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ФОРУМЫ

2023 жылдың 14-15 сәуірінде ҚР Сәулетшілер одағы мен ҚазМААМ-Еуразия Халықаралық академиясының қазақстандық академиялық орталығының қолдауымен ТМД сәулет мектептерінің халықаралық форумы өтті. Форум мақсаты – ТМД сәулет мектептерінің декларациясын қабылдай отырып, заманауи сәулет мектебін дамытуда бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу. Форумға Ресейден Я.Черников ат. халықаралық сәулет қорының президенті Андрей Черников, Қазақстан атынан Одақ президенті Серік Сұлтанғали мен бірінші вице-президент Ғабит Садырбаев, ҚР Қала құрылысшылар одағының президенті Любовь Нысанбаева, Дизайнерлер одағының президенті Сайран Фазылов, жоғары оқу орындарының проректорлары мен мұғалімдері қатысты. Форум аясында **Сәулет мектептерінің халықаралық байқауы** өтті. Онда тек түлек жұмыстары ғана емес, сонымен бірге маңызды оқыту жұмыстары, яғни тұрғын-үй және қоғамдық ғимараттардың курстық жобалары, сәулеттік сурет, заттың өзіне қарап салынған суреті мен сәулеттік қиял қарастырылды. **«XXI ғасырдағы сәулеттік білім және тәжірибе»** атты дөңгелек үстелінде Сәулеттік білімді реформалау жолдары және сәулеттік білім мен тәжірибе саласындағы ынтымақтастық туралы декларациясы қабылданды. Форум қонақтары сәулетші Сәкен Нарыновтың шеберханасына да ат басын бұрды. Сонымен бірге Форум делегаттары KAZGOR жобалау академиясында да қонақта болды. Меймандар KAZGOR-дың басқару мен қарым-қатынастың заманауи құралдары арқылы саланың дамуы мен жас буынды оқытудағы үлесін атап өтті. [Толығырақ.](#)



Форум қатысушылары сәулетші Сәкен Нарыновтың шеберханасында

«Ұрпақтар сабақтастығы» шығармашылық көрмесі

ОДАҚ ПРЕЗИДЕНТІ СЕРІК СҰЛТАНҒАЛИ 70 ЖАСТА

2023 жылдың 17 сәуірінде ҚР Сәулетшілер одағының президенті, ҚР Құрметті құрылысшысы Серік Сұлтанғалиұлы Сұлтанғали 70 жасқа толды. Мерейтойға орай KAZGOR-да сәулет және құрылыс, сәулет ғылымы және білім беру саласына қосқан көп жылғы жоғарғы кәсіби шығармашылық үлесі үшін Серік



Сұлтанғалиұлына «KAZGOR» жобалау академиясының Академигі атағы берілді. Мерейтой иесі өзіне көрсетілген сыйға алғысын білдіріп, жас сәулетшілерге ағалық сөзін айтты.

ХСА ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СӘУЛЕТШІЛЕР КОНГРЕССИ

Құрметті сәулетшілер, Дүниежүзілік сәулетшілер конгрессіне қатысу үшін ерте тіркелу мүмкіндігі туралы қаперлеріңізге саламыз. Биылғы **Дүниежүзілік сәулетшілер конгресі 2023 ж. 2-6 шілдесінде Копенгаген қаласындағы Белла орталығында** өтеді. Қазіргі таңда Конгреске Қазақстаннан 18 делегат баруды жоспарлап отыр. Конгреске келесі [сілтеме](#) бойынша тіркеледі.

№1 кесте	2023 ж.31 мамырына дейін, €	2023 ж.31 мамырынан кейін, €
Делегаттар	530	620
Студенттер	90	120
Ілесіп жүретін тұлғалар	210	220
Түскі ас	50	50

ХСА-ҒА 2022-2023 ЖЖ. МҮШЕЛІК ЖАРНАСЫ

ҚР Сәулетшілер одағы Халықаралық Сәулетшілер Одағы алдындағы **3 340 еуро мөлшеріндегі 2022-2023 жылдардың мүшелік жарнасын** төлегін хабарлайды. ҚР Сәулетшілер одағы 1993 жылдан бері Халықаралық Сәулетшілер Одағының мүшесі және осы ұйымның іс-шараларына толыққанды және белсенді қатысады.

!!! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР: 2023 ЖЫЛҒЫ ЖАС СӘУЛЕТШІЛЕР КУБОГЫ !!!

2023 жылдың 24-26 тамызы аралығында Алматы қаласында жас сәулетшілерге арналған халықаралық конкурс – «2023 жылғы Жас сәулетшілер кубогы» өтеді. Конкурсқа Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстанның жас сәулетшілері мен студенттері қатысуға шықарылады. Тіркелу **2023 жылдың мамырында** басталады. Жаңалықтарды Одақ сайты (info@kazarch.kz) мен әлеуметтік желілерінде(kazarch.kz) қараңыздар.

«ПРОСТОР» ЖАЗҒЫ КАМПУСЫН ЖАҢАРТУ КОНКУРСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2023 жылдың 5 сәуірінде Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ 65 жылдығына арналған «Простор» атты жазғы экспедициялық кампусын жаңарту бойынша халықаралық конкурстың қатысушыларын салтанатты марапаттауы өтті. Финалдық кезеңге 12 үздік жоба іріктеліп, кәсіби қазылар ең шығармашыл, экологиялық жобаларды таңдап алды. Конкурс қатысушыларына, жобалау топтарының жетекшілері мен сарапшыларға қазылардан сертификаттар берілді.



III орын: Маулимгазинов Қайсар, Цинн Денис, Көксегенов Раджан, жетекшісі Феоктистова Елена Александровна;

II орын: Цыбульникова Анастасия, Ибрагимова Дильдора, Жумағалина Дана, жетекшісі Буханцева Анна Евгеньевна;

I орын: Ахаева Ангелина, Багавиева Даяна, Ляпунова Галина, Черникова Злата, жетекшісі Гурская Оксана Евгеньевна.

VI БАКУ СӘУЛЕТ КОНКУРСЫ

Әзірбайжан Республикасының Мәдениет министрлігі мен Әзірбайжанның Сәулетшілер одағы осы елдің ұлттық көсемі Гейдар Әлиевтің туғанына 100 жыл толуына орай VI Баку Халықаралық Сәулет Сыйлығына өтініштер қабылдаудың басталғаны жөнінде хабарлайды. Байқауға қатысу тегін. Байқау номинациялары:

А «Қоғамдық сәулет саласындағы ең үздік іске асырылған жоба»;

В «Тұрғын сәулет саласындағы ең үздік іске асырылған жоба»;

С «Іске асырылған ең үздік интерьер».

Сұрақтар 2023 жылдың 1 тамызына дейін қабылданады.

Материалдарды қабылдаудың соңғы күні: 2023 ж. 1 қыркүйегі.

Нәтижелерді жариялау: 2023 ж 6 қазаны

Бірінші орын 4.000 azn (2 160 еуро), Екінші орын 2.500 azn (1 350 еуро), Үшінші орын 1.000 azn (540 еуро). Конкурс туралы

толығырақ Әзірбайжан Сәулетшілер одағының [сайтында](#).

СӘУЛЕТШІ УМБЕРТО АЛЕСИМЕН КЕЗДЕСУ



2023 жылдың 27 сәуірінде KAZGOR кеңсесінде Академия басшылығы мен «Alesi Design» италиялық сәулет компаниясының президенті Умберто Алесимен кездесу өтті. Кездесуге сонымен бірге Қазақстандағы италия-қазақ палатасының коммерция жөніндегі байланыс президенті Джулио Аматуччи қатысты. «Alesi Design» компаниясы сандық технологияларды енгізу бойынша алдыңғылардың қатарында, ал Алеси мырза сертификаты бар BIM сарапшы және RIBA – Британ сәулетшілерінің Патша институтының мүшесі. Келген қонақтарға компанияны таныстырып, ынтымақтасу мен тәжірибе алмасу мүмкіндіктері талқыланды.

СӘУЛЕТШІ ЛЕВ УХОБОТОВ ӨМІРДЕН ОЗДЫ

2023 жылдың 7 сәуірінде сәулетші Лев Леонидович Ухоботов мезгілсіз өмірден озды. Оның таланты, жігер мен шығармашылығы Қазақстан мен Ресей сәулетінде өшпестей із қалдырды. Лев Леонидович – ҚСРО мен ҚазҚСР мемлекеттік сыйлығының иегері атанған Республика сарайы мен «Қазақстан» қонақ үйі тек Казгорстройпроекттің ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының сәулет мектебі жетістігінің нышаны. Лев Леонидович есімі ұрпақтар есінде мәңгі қалады.



ОДАҚТЫҢ ЕКІ ФИЛИАЛЫ ТІРКЕЛДІ

2023 жылдың 22 ақпанында «Сәулетшілер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Ақмола облысы бойынша филиалын тіркеу аяқталды. Филиал мекенжайы: 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Р.Қошқарбаев көшесі, 61 үй. Телефон: +7 705 815 43 46, dizain-centr@mail.ru. Филиал төрағасы – Марамов Бурабай Марамұлы.

2023 жылдың 22 наурызында Сәулетшілер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Ақмола облысы бойынша филиалы тіркелді. Мекенжайы: 030000, Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі, 103, 201 үй. Байланыс нөмірі: +7 701 933 49 80, agr_prk@mail.ru. Филиал төрағасы – Әжғалиев Әубәкір Ғұсманұлы. Төрағаларға алғыс білдіреміз!

SATBAEV UNIVERSITETİNDEГІ ИТАЛИЯЛЫҚ ДИЗАЙН КҮНІ

2023 жылдың 9 наурызында Сәтбаев университетінде «Италиялық дизайн күні» өтті. Іс-шара аясында италиялық сәулетші және дизайнер Андреа Капуто на тему «Бүгінгі ғаламдық дизайн: процесс немесе өнім» тақырыбында лекциясы өтті. Ол өзінің жұмыс істеп жатқан Миландағы нысандарын мысалға ала отырып, өз тәжірибесімен, тұрақты сәулет қағидаларын іске асырудағы жолдарымен бөлісіп, сондай-ақ студенттер мен жас сәулетшілерге өз ісінде шығармашыл және батылырақ болуға



шақырды. Андреа Капуто Миландағы Лорето алаңын реконструкциялау, жас сәулетшілер мен дизайнерлерге арналған Dropcity Сәулет және Дизайн Орталығы және U-Joints атты сәулет пен дизайндағы әр түрлі жанасулар бойынша зерттеу жобалары туралы айтып берді. Риккардо Марини «Орындар, мобильділік пен жайлы өмір: Адамдардың денін сау, бай және бақытты ету жолдары» тақырыбында қалалық ортаны қалыптастыру, оның адамдар өміріндегі рөлі мен адамдардың қалалық ортаны өгертудегі рөлі жөнінде әңгімелеп берді. Сәулетші Алматы қаласының жайлы да әсем болу жолындағы мәселелерді шешу мен ұсыныстар беруге белсенді қатысу қажеттілігі туралы айтты.